

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2023. № 26 (4)

Редакция

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Алматы қ., Қазақстан)
E-mail: kabulzia@rambler.ru Тел.: +77014070164
Профиль сілтемесі: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Редакциялық алқа

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Әлімбай Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, эксперименталды археология ғылыми-зерттеу лабораториясының ғылыми қызметкері, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Margulan Centre, «YMAI» Халықаралық ғылыми-зерттеу лабораториясының жетекшесі (Қазақстан – Украина); ORCID

Көмеков Болат Ешимхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Қушқұмбаев Айболат Қайырсыямұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКУ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Оно Рюосуке, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропологи (Токио, Жапония);

Оутрам Алан, археология ғылымдарының докторы, профессор, археология және тарих департаменті, Эксетер университеті (Эксетер, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Өмер Құл, элеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); ORCID

Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); Scopus Author ID: 55124700300

Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Саидов Ильхомжон Муҳиддинович, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Самарқан, Өзбекстан); ORCID

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар

Зікірбаева В.С.

Редакция

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан). E-mail: kabulzia@rambler.ru; Scopus Author ID: 56195670100; ORCID.

Члены редакционной коллегии

Абиль Еркин Аманжолович, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Ажигали Серик Ескендирович, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Абусеитова Меруерт Хуатовна, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Вильмено Анне-Мари, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Исмагулов Оразак Исмагулович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, научный сотрудник Научно-исследовательской лаборатории экспериментальной археологии, Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, Margulan Centre, заведующая Международной научно-исследовательской лабораторией «YMAI» (Казахстан – Украина); ORCID

Кумеков Болат Ешмухамбетович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Кушкымбаев Айболат Кайрслямович, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Муктар Абильсеит Капизович, Директор РГКП «Государственного историко-культурного музей-заповедник «Сарайшык», доктор исторических наук, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Муминов Аширбек Курбанович, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Нурсан Алимбай, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Омер Кул, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); ORCID

Оно Рюосуке, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);

Оутрам Алан, доктор археологии, профессор департамента археологии и истории университета Эксетер (г. Эксетер, Великобритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Садвокасова Закиш Тулехановна, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Саидов Ильхомжон Мухидинович, доктор исторических наук, профессор (Самарканд, Узбекистан); ORCID

Уяма Томохико, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); Scopus Author ID: 55124700300

Ответственный редактор

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

Научные редакторы

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Мурзаходжаев Куаныш

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева В.С.

Editorial Team

Editor-in-Chief

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan) E-mail: kabulzia@rambler.ru

Profile link: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Abusseitova Meruert Khuatovna, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Alimbay Nursan, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C. Valikhanov Institute of history and ethology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Azhigali Serik Yeskendirovich, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Ismagulov Orazak Ismagulovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Krupa Tatiana Nikolaevna, Researcher at the Research Laboratory of Experimental Archaeology, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Margulan Centre, Head of the International Research Laboratory "YMAI" (Kazakhstan – Ukraine); ORCID

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department ñ of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Morrison Alexander, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Muktar Abilseit Kapizovich, Director of the State Historical and Cultural Museum-preserve "Saraishyq" - Doctor of Historical Sciences, Professor; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Myong, Soon-ok, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Muminov Ashirbek Kurbanovich, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Omer Cul, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); ORCID

Ono Ryosuke, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);

Outram Alan, Doctor of archeology, professor, Department of Archaeology and History, University of Exeter (Exeter, UK); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Peter Finke, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); Scopus Author ID: 55124700300

Sadvokassova Zakish Tleukhanovna, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Saidov Ilkhomjon Mukhiddinovich, doctor of historical sciences, professor (Samarkand, Uzbekistan); ORCID

Uyama Tomohiko, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Vuillemenot Anne-Marie, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Executive Editor

Mukanova Gyulnar

Scientific Editors

Kasymova Didar

Murzakhodzhayev Kuanysh

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh

Technical secretary

Zikirbayeva V.S.



ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 26. Is. 4, pp. 704-717, 2023
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.81.37
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_4_704-717

CENTRAL ASIA AND THE KAZAKHS IN THE NOTES OF THE AMBASSADOR'S SECRETARY OF KHAN OF BUKHARA IN THE 19TH CENTURY

Galiya Amzeyvna Kambarbekova¹, Kuanyshbek Kari²

¹Al-Farabi Kazakh National University (71 Al-Farabi Ave., 050040, Almaty, Kazakhstan)
PhD in Philology, Faculty of Oriental Studies, Department of the Middle East and South Asia
<https://orcid.org/0000-0002-4959-1548>. E-mail: kazalem@mail.ru

²Scientific Institute for the Study of Ulus Juchi MSHE (15B, A. Pushkin St., 010000, Astana, Kazakhstan),
Master of Arts, Research Fellow
<https://orcid.org/0000-0002-3041-1308>. E-mail: tourantau@gmail.com

Annotation. *Introduction.* The article analyzes a work in Persian containing previously little-studied sources about Central Asia, Afghanistan and the Kazakhs of the late 18th - early 19th centuries. *Purpose and objectives of the study.* Identification of new information and their introduction into scientific circulation by studying works that have not yet been fully studied through a comprehensive study of sources written in Persian. *Materials.* The main material of the article is the work of the author Mir Abdul Karim Bukharay, which entered into scientific circulation under the title "History of the rulers of Afghanistan, Kabul, Bukhara, Khiva and Kokand". The author of the work lived in the years (1800-1826), when Amir Khaidar (1775-1826) came to power in the Bukhara Khanate. In 1222/1807, the ambassador of Khan of Bukhara Mirza Muhammad Yusuf ibn Sufi Rajap Bai Kishi Bukhari went with a group of people as an ambassador to the palace of the Ottoman Sultan, i.e. to Istanbul, on behalf of the Bukhara Khan. Mir Abdul Karim Bukhari, in his capacity of Secretary General of the Ambassador, accompanied the Ambassador on a long and important journey. The delegation of the Ambassador of Bukhara arrives in Istanbul after a long journey through Moscow, Romania and Bulgaria. *Results.* Mir Abdul Karim Bukhari wrote it when he was alone, having lost all his fellow travelers, and he wrote it on the orders of Arif Bey, the organizer of the ceremonial events of the Ottoman Sultan, who commissioned him to write this work. In his work, he presented new data on Central Asia, Afghanistan and the Kazakhs in the late 18th and early 19th centuries. Information about the Kazakhs includes their customs, clothing, food, place of residence and well-being. *Conclusion.* The stories about the Kazakhs and Central Asian rulers in the work of Mir Abdul Karim Bukharai cover the period close to the fall of the Kazakh Khanate. There are also details relating to this era that are not found in data written in other languages. Therefore, the study and translation of such works into scientific circulation is considered one of the topical topics.

Keywords: Persian sources, Kazakhs, ambassador, Central Asia, Mir Abdoul Karim Boukhary, Istanbul, Khiva.

For citation: Kambarbekova G.A., Kuanyshbek K.A. Central Asia and the Kazakhs in the notes of the ambassador's secretary of the khan of Bukhara in the 19th century // Otan tarikhy. 2023. Vol. 26. No. 4. Pp. 704-717. (In Kaz.) DOI: [10.51943/2788-9718_2023_26_4_704-717](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_4_704-717)



XIX ҒАСЫРДАҒЫ БҰХАРА ХАНЫНЫҢ ЕЛШІСІ ХАТШЫСЫНЫҢ ЕСТЕЛІГІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚТАР

Галия Әмзеқызы Қамбарбекова¹, Қуанышбек Аменкелдіұлы Қари²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (71-үй, әл-Фараби даңғ., 050040, Алматы, Қазақстан) филология ғылымдарының кандидаты, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы, Шығыстану факультеті

<https://orcid.org/0000-0002-4959-1548>. E-mail: kazalem@mail.ru

²Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты ҒЖБМ (15Б, А.Пушкин көшесі, 010000, Астана, Қазақстан) гуманитарлық ғылымдар магистрі, ғылыми қызметкер

<https://orcid.org/0000-0002-3041-1308>. E-mail: tourantau@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2023

© Қамбарбекова Ғ.Ә., Қари Қ.А. 2023

Андатпа. *Kіріспе.* Мақалада бұрындары азырақ қарастырылған XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы Орталық Азия, Ауғанстан және қазақтар туралы дереккөздерді қамтыған парсы тіліндегі шығарма қарастырылады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Парсы тілінде жазылған дереккөздерді жан-жақты зерттеу арқылы әлі де толық зерттелмеген шығармаларды зерттеу арқылы тың мәліметтерді анықтау және ғылыми айналымға енгізу. *Материалдар.* Мақалада ғылыми айналымға шартты түрде «Ауған, Кабул, Бұхара, Хиуа және Қоқан билеушілерінің тарихы» деген атпен енген Мир Әбдул Карим Бұхари атты автордың еңбегі басты материал ретінде қолданылады. Шығарманың авторы Бұхара хандығының билігіне Әмир Хайдар төренің (1775-1826) билікке келген (1800-1826) жылдарында өмір сүрген. Бұхара ханының елшісі Мирза Мұхаммед Юсуф ибн Суфи Ражап Бай Киши Бұхари 1222/1807 жылы Бұхара ханының тарапынан Осман сұлтанының сарайына, яғни Стамбұлға елші болып бір топ адаммен аттанады. Мир Әбдул Карим Бұхари елшінің бас хатшысы ретінде ұзақ әрі маңызды сапарда елшімен бірге сапарлайды. Бұхара елшісінің тобы Мәскеу, Румыния және Болгария арқылы ұзақ жол жүріп Ыстамбұлға келеді. *Нәтижелер.* Мир Әбдул Карим Бұхари бұл еңбекті сапарластарының бәрінен айрылып жалғыз қалған кезде жазған және бұл еңбектің жазылуына себепші болған Осман сұлтанының салтанатты шараларды ұйымдастырушысы Ариф бейдің тапсырысы. Шығармада XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы Орталық Азия, Ауғанстан және қазақтар туралы тың деректерді келтірген. Қазақтар туралы деректер ішінде олардың салты, киімі, жейтін тамағы, тұратын жері мен әл-ауқаты сөз болады. *Қорытынды.* Мир Әбдул Карим Бұхари еңбегінде қазақтар мен Орталық Азия билеушілері туралы баяндалатын оқиғалар Қазақ хандығының құлау тұсына жақын кезеңді қамтиды. Осы дәуірге қатысты өзге тілдерде жазылған деректерде кездеспейтін мәліметтер де бар. Сондықтан осындай шығармаларды зерттеу, аудару және ғылыми айналымға енгізу өзекті тақырыптардың бірі болып саналады.

Түйін сөздер: парсы дереккөзі, қазақтар, елші, Орталық Азия, Мир Әбдул Карим Бұхари, Ыстамбұл, Хиуа.

Дәйексөз үшін: Қамбарбекова Ғ.Ә., Қари Қ.А. XIX ғасырдағы Бұхара ханының елшісі хатшысының естелігіндегі Орталық Азия мен қазақтар // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 4. 704-717 б. (Қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_4_704-717

ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ И КАЗАХИ В ЗАПИСКАХ ПОСЛА СЕКРЕТАРЯ БУХАРСКОГО ХАНА В XIX ВЕКЕ

Галия Амзеевна Камбарбекова¹, Қуанышбек Аменкелдіұлы Қари²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби (дом 71, проспект аль-Фараби, 050040, Алматы, Казакстан) кандидат филологических наук, факультет востоковедения, кафедра Ближнего Востока и Южной Азии

<https://orcid.org/0000-0002-4959-1548>. E-mail: kazalem@mail.ru



²Научный институт изучения Улуса Джучи МНВО (15Б, ул. А.Пушкин, 010000, Астана, Казахстан)
магистр гуманитарных наук, научный сотрудник
<https://orcid.org/0000-0002-3041-1308>. E-mail: tourantau@gmail.com

Аннотация. *Введение.* В статье анализируется произведение на персидском языке, содержащее малоизученные ранее источники о Средней Азии, Афганистане и казахах конца XVIII - начала XIX века. *Цель и задачи исследования.* Выявление новых сведений и введение их в научный оборот путем изучения еще не до конца изученных произведений путем всестороннего изучения источников, написанных на персидском языке. *Материалы.* Основным материалом статьи является труд автора Мир Абдул Карима Бухари, вошедший в научный оборот под названием «История правителей Афганистана, Кабула, Бухары, Хивы и Коканда». Автор произведения жил в годы (1800-1826), когда к власти в Бухарском ханстве пришел Амир Хайдар (1775-1826). В 1222/1807 году посол бухарского хана Мирза Мухаммад Юсуф ибн Суфи Раджап Бай Киши Бухари отправился с группой людей в качестве посла во дворец османского султана, т.е. в Стамбул, от имени бухарского хана. Мир Абдул Карим Бухари в качестве главного секретаря посла сопровождал посла в долгом и важном путешествии. Делегация посла Бухары прибывает в Стамбул после долгого путешествия через Москву, Румынию и Болгарию. *Результаты.* Мир Абдул Карим Бухараи написал его, когда он был один, потеряв всех своих попутчиков, и написал он его по приказу Ариф-бея, организатора торжественных мероприятий османского султана, который и поручил написать это произведение. В работе он представил новые данные о Средней Азии, Афганистане и казахах в конце 18-начале 19 веков. Информация о казахах включает их обычаи, одежду, пищу, место жительства и благосостояние. *Заключение.* Рассказы о казахах и среднеазиатских правителях в произведении Мир Абдул Карима Бухара охватывают период, близкий к падению Казахского ханства. Имеются также детали, относящиеся к этой эпохе, которых нет в данных, написанных на других языках. Поэтому исследование, перевод и введение в научный оборот таких трудов считается актуальным.

Ключевые слова: персидские источники, казахи, посол, Центральная Азия, Мир Абдул Карим Бухари, Стамбул, Хиуа.

Для цитирования: Камбарбекова Г.А., Кари К.А. Центральная Азия и казахи в записках посла секретаря Бухарского хана в XIX веке / Отан тарихы. 2023. Т. 26. 4. С. 704-717. (Каз.)

DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_4_704-717

Кіріспе. Ирантану саласының бір бағыты жаңа дереккөздерді анықтаумен, зерттеумен және ғылыми айналымға енгізумен айналысады. Бұл жөнінде қалыптасқан бірнеше көзқарас бар. Оның бірі – кеңес ғалымдары парсы тіліндегі барлық дереккөздерді анықтап, зерттеп және аударып қойған деген қасаң пікір. Бұл пікірді қолдаушылардың ойынша парсы тілінде қаншама дереккөз болса, соның бәрі анықталған, тізімі жасалынған және ғылыми айналымға енген. Бұл тақырыпты ендігіде жабық деп жариялауға болады деп есептейді. Бірақ бұдан басқа тағы бір пікір бар. Ол – барлық дереккөздер анықталған, сипаттамасы жазылған бірақ оның ішінде әлі толықтай зерттелмеген және ғылыми айналымға енбегендері бар. Оның өзіндік себептері бар. Біріншісі – мамандардың жетіспеушілігі, ал екіншісі – қолжазбалардың қолжетімді болмауы. Бұл жерде айта кету керек тағы бір мәселе бар. Қазақстан бірқатар өзге елдермен салыстырғанда қолжазба қорлары бай елдердің қатарына жатпайды. Парсы тіліндегі құнды қолжазбалардың негізгі бөлігі шетелдерде сақталған. Бұрындары жақын ел болған Өзбекстан, Ресей және Тәжікстан секілді елдерге барып, қолжазба көшірмелерін дайындау үшін зерттеушілер бірқатар кедергілерге тап болуы мүмкін. Бұдан басқа, парсы немесе өзге де шығыс тілдеріндегі қолжазбалар әлемнің көптеген елдеріне, әсіресе Еуропа елдеріне кең тарап кеткен. Бұның бір жағы отарлау саясатымен байланысты болса, екінші жағы шығыс елдерінің өз жазба мұраларын тізімге алып, жинақтап оны зерттеу жұмыстарын кешірек қолға алғанымен байланысты. Қалай болғанда да әр мәселенің екі ұшы бар және әр ұшына қатысты бірқатар мәселелер тағы бар. Осының бәрін ескергенде кейбір парсы тіліндегі дереккөздер әлі күнге дейін толық зерттелмей және ғылыми айналымға толық енбегеніне куә боламыз. Сондықтан осы күнге дейін аты белгілі болған, бірақ толықтай зерттеліп ғылыми айналымға енбеген парсы тіліндегі дереккөздер көп. Соның бірі «Ауған, Кабул, Бұхара, Хиуа және Қокан билеушілерінің



тарихы» деп аталады. Шығарманың аты мазмұнына қарай шартты түрде қойылған. Шығарманың авторы Мир Әбдул Карим Бұхари. Автор Бұхара хандығының билігіне Әмир Хайдар төренің (1775-1826) билікке келген (1800-1826) жылдарында өмір сүрген. Бұхара ханының елшісі Мирза Мұхаммед Юсуф ибн Суфи Ражап Бай Киши Бұхари 1222/1807 жылы Бұхара ханының тарапынан Осман сұлтанының сарайына, яғни Ыстамбұлға елші болып бір топ адаммен аттанады. Мир Әбдул Карим Бұхари аталмыш елшінің бас хатшысы (сэр кәтиб) ретінде бірге аттанады. Қазақтар қоныстанған жерлермен жүріп отырып Мәскеуге және Санкт Петербургке барады. Мәскеуден шығып Румыния мен Болгария жері арқылы ұзақ жол жүріп Ыстамбұлға келеді. Бұл кезде Осман императорының тағында Мұстафа IV (1779-1808) отырған болатын. Бар жоғы екі жыл ғана (1807-1808) билікте болған Мұстафа IV тұсы түрлі тарихи оқиғаларға толы болған (Editors of Encyclopaedia, 2022: November 13). Ал Бұхарадан Ыстамбұлға аттанған елшіліктің өкілдері жолға шыққаннан бір жыл өткен соң Ыстамбұл қаласына келіп жетеді. Ол туралы Мир Әбдул Карим былай деп жазады: «Мейданжық Қапу бағында Сайид әпендінің үйінде қонақ етті. Бізге барлық құрмет пен сый көрсетілді. Содан кейін тағдырдың ісімен және Раббының бұйрығымен елші және оның адамдары (отбасы) және осы пақырдың отбасы «белгілі» себептермен (мәшхуре) марқұм болды» (Карим, 1876: 2). Бұхара елшісімен жолға аттанған топтан жалғыз тірі қалған Мир Әбдул Карим біраз уақыт жалғыз өмір сүреді. Алланың бұйрығымен жәннат секілді Бешікташ жерінде ханафия мазхабы бойынша сүннетке сай некелеседі. Көптеген тарихи оқиғалардың куәгері әрі көпті көрген және жан-жақты білімді адам ретінде Осман сұлтандарының сарайында қалады. Осман сұлтандарының сарайында өмір сүрген кезінде осы еңбекті жазып шығады. Ол туралы өзі былай деп жазады: «Ариф Бек эфендидің өтініші бойынша 1160 жылдан бастап (1847) Хорасан және кейбір Үндістан, Ауғанстан және де тағы да басқа Тұран жерінің билеушілері туралы және кейбір әлем патшаларының ахуалы туралы бұл пақыр жастайынан бастап бүгінгі күнге дейін дәйім саяхатта, сапарда болғандықтан және үлкендердің, ғұламалар, ғалымдар және билеушілердің мәжілісіне қатысу бақытына ие болғандықтан көптеген елдерді көзіммен көрген болатынмын және кейбір оқиғаларды дұрыс әрі анық тілде түсіндірдім. Бұл шығарма құрметті де жоғары мәртебелі, көркем мінезді, заманының мақтанышы, ислам ғұламаларының сүйіктісі, асқан білімді, мәртебелі Ариф Бек эфенди үшін жазылды. Оған ұнайды деген үміттемін» (Карим, 1876: 3). Осы жолдың астына 1223 жыл, рабиус-сәни, Ыстамбұл қаласы деп өзінің атын жазған.

Автордың елші мен оның отбасы және басқа да елшілікпен аттанған адамдардың өлімі туралы «белгілі» себептермен деп жұмбақтап жазған сөзі бірден назар аудартады. Бұл туралы зерттеушілердің пікірі екіге жарылады. М. Занд атты автор Ираника энциклопедиясына жазған мақаласында Бұхара елшісі мен оның делегациясының өлімі туралы былай деп жазады: «At the end of Rajab, 1222/beginning of October, 1807, 'Abd-al-Karīm came to Istanbul as a member of the staff of a Bokharan embassy to the Sublime Porte headed by Mīrzā Moḥammad Yūsuf b. Sūfī Rajab Bāy via Russia, Rumania, and Bulgaria. Within a year the ambassador with his family and the family of 'Abd-al-Karīm died from pestilence. In time he married again and apparently remained in Istanbul as a permanent resident». Яғни, Мир Әбдул Каримнен басқа Бұхара елшісі мен оның делегация өкілдері оба ауруынан қайтыс болды деп жазады (Zand, 121-123). Алайда ирандық зерттеуші Ә.Муджани болса Бұхара елшісі мен оның делегациясының өлімі туралы былай деп жазады: «Ыстамбұлға келген соң бір жыл өткенде дипломатиялық топтың басшысы мен оның барлық басқа мүшелерін белгісіз себеп, тағдыр мен Раббы ісіне қарай Мир Әбдул Карим қолдан жоғалтып алады» (Karim, 2014: 7-8).

Материалдар мен әдістер. Мақалада қолданатын материал Бұхара елшісінің бас хатшысы Мир Әбдул Карим Бұхаридың «Ауған, Кабул, Бұхара, Хиуа және Қоқан билеушілерінің тарихы» деген шартты атпен танылған еңбегі басты материал ретінде қолданылады. Парсы тілінде жазылған бұл шығарма түпнұсқа дереккөз болып саналады және әлемде қазірше екі нұсқасы сақталған. Сонымен қатар литографиялық басылымы да бар. Бұл түпнұсқа дереккөз деректану тұрғысынан және салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану арқылы қарастырылады. Сонымен қатар талдау және деректануға ортақ жалпы ғылыми әдістер қолданылады.

Талдау. «Ауған, Кабул, Бұхара, Хиуа және Қоқан билеушілерінің тарихы» деген атау бұл шығармаға шартты түрде берілген. Шын мәнінде автордың өзі шығарманы қалай атағаны



белгісіз. Бұл шығарманың Ариф Бектен қалған жалғыз қолжазба нұсқасын француз ғалымы Шарль Шефер қолға түсірген және алғаш рет литографиялық басылымын жарыққа шығарған. Парсы тіліндегі мәтіні 1290/1873-74 жылы Париждегі Шығыстың тірі тілдері мектебінің басылымында [Boulaq - Publications de l' École des langues orientales vivants] жарық көреді (Schefer, 1873-74). Шарль Шефер осымен жұмысын тоқтатпай, бұл шығарманы алғаш рет француз тіліне аударып, ғылыми түсініктермен 1876 жылы Парижде Булакта жарыққа шығарады (Schefer, 1876). Одан кейін біраз жылдар бойы бұл еңбекті арнайы ешкім зерттемегені байқалады. Алайда парсы дереккөздерінің танымал маманы Ч.А. Стори өзінің танымал «Персидская литература» атты био-библиографиялық шолу еңбегінде Мир Әбдул Карим Бұхаридің еңбегіне арнайы тоқтап былай деп жазған: «Ценная история Средней Азии с 1160/1747 – года вступления на престол Ахмад Шаха Дуррани – до 1233/1818». Сонымен қатар Ч.А. Стори Мир Әбдул Каримнің толық аты-жөні Мир Абдул Карим «Надим» б. Исмаил Бұхари екендігін және Мир Ала'аддиннің тұсында 1219/1804-05 жылы «кахия» яғни патшалықтың өкілі болып сайланғанын жазған. Содан соң Ала'аддин Бұхара ханының елшісі ретінде Мәскеуге аттанғанда онымен бірге аттанып, тоғыз ай С.-Петербургте, біршама уақыт Мәскеуде, сегіз ай Астраханда болып қайта оралады. Ал 1222/1807 жылы басқа елшімен бірге Ресей арқылы Константинопольге жол жүреді. Шамасы сол қалада екінші рет үйленген және өмірінің соңына дейін Ыстамбұлда өмір сүріп 1246/1830 жылы дүние салады. Бұхара елшісінің бас хатшысы, яғни «сәр катиб» қызметінде болған. Ол өте көп саяхаттаған, тіпті екі рет Кашмирде болған (Стори/Брегель, 1972: 1155-56).

Ч.А. Сторидің каталогынан кейін қысқаша бір беттік анықтама ретіндегі мәлімет пен энциклопедияларда кездесетін қысқаша мақалалардан басқа бұл еңбек арнайы зерттелмей зерттеушілер назарынан сырт қалып отырған. Кеңес дәуірінде Түркменстан тарихына қатысты парсы тіліндегі шығармаларды зерттей бастағанда бұл еңбек туралы екі бетке жетер-жетпес қысқа мәлімет дайындалып түркмендерге қатысты беттері орыс тіліне аударылады. А.А. Ромаскевич XVI-XIX ғасырлардағы түркмендер тарихына қатысты ирандық дереккөздер атты мақаласында бірқатар дереккөздерді таныстыра келе Мир Әбдул Карим Бұхаридің еңбегіне де тоқтап өтеді және шығарманың атын История Средней Азии деп атап көрсеткен. Сонымен қатар А.А.Ромаскевичтің жазуы бойынша Нәдір шах өлгеннен кейін Орталық Азияда орын алған маңызды оқиғаларды баяндайтын құнды шығарма. Бірақ бұл шығармадағы бір өкінішті дүние көптеген оқиғалардың орын алған жылдары көрсетілмеген. Бұхаралық сейіттер әулетінен шыққан автор Бұхарада орын алған оқиғаларды дәл және нақты баяндайды деп жазады (Ромаскевич, 1938: 16-17). Бұған қосымша Материалы по истории туркмен атты еңбекте Мир Әбдул Каримнің еңбегіндегі түркмендерге қатысты шағын бөлімдер орыс тіліне аударылып (Извлечения из «Истории Средней Азии» Мир Абдуль-Керима бухарского) жарыққа шығарылған (Мирзоева, 1938: 194-204).

Мир Әбдул Каримнің еңбегіне белгілі ғалым В.В.Бартольд та арнайы тоқтаған. Ол бір бетке жуық анықтама материалында бұл еңбекте Орта Азияның географиясы, билеушілері, жер жағдайы, Орта Азия елдері мен Ауғанстан, Бұхара, Хиуа, Қоқан, Тибет, Кашмир мен сол елдердегі тарихи оқиғалар қамтылған құнды дереккөз деп баға береді. Сонымен қатар бір беттен аспайтын шағын анықтама секілді материалда В.В. Бартольд бұл еңбектің жалғыз нұсқасын Ариф бейдің мұрасынан Ш. Шефер қолға түсірген және ол жалғыз нұсқасы деп жазады да тура сол материалдың астына қосымша сілтеме беріп: «Известен второй список, хранящийся в Британском музее, - Ог. 6710» деп көрсеткен (Бартольд, 1973: 581).

Бұл шығарма парсы тілінде жазылған еңбек болғанымен де ирандық авторлар тарапынан ұзақ уақыт бойы бұл еңбек арнайы зерттелмей келген. Соңғы жылдары ғана бұл тақырыпқа қызығушылық пайда болып бұл күнде осы шығарманың мәтіні ғылыми түсініктерімен бірге жарық көрген. Қолжазба күйінде ұзақ уақыт сақталып келген Орталық Азия тарихына арналған осы еңбекті ирандық зерттеуші Сейид Әли Мужани әріптесі Әли Арғун Чинардың қатысуымен 2014-жылы жарыққа шығарған (Karim, 2014). Баспаға мәтінді әзірлеуші топ шығармада кездесетін кейбір жер-су аттарына, тайпа мен ел атауларына түсініктер жазған және қосымша мәліметтер беруге күш салған. Дегенмен мәтінге ғылыми түсініктер жазған кезде кейбір сөздер жөнінде жазған түсініктері екі ұдай ой тудырады, ал кейбір сөздерді түсінбегендіктен дұрыс оқымай кеткен. Мысалы үшін қазақтардың көшіп-қонып жүретін жерлері мен қыстайтын мекендері және сауда-саттық маршруттары туралы баяндағанда: «Бір жағы Мәскеу мемлекеті



шекарасына дейін; Қажы Тархан және Орынбор, Йаман (Иман) екіншісі, Тройцк, Қызылжар, Шәми, Сими Пулад және Кахт, Қытай мемлекетіндегі Ақсу шекарасына дейін» деген мәліметтегі Кахт сөзінің астына «Гүржістандағы бір қала» деп жазған (Карим, 2014: 139). Автор баяндаған мартшрутта Гүржістанның Кахт (Кахетия) қаласының болуы мүмкін емес екендігін мәтінмен танысқан әрбір адам түсінеді. Алайда парсы тілі ана тілі бола тұра қарапайым мәселелерді ескермегені жұмысқа ат үсті қарағанын көрсетеді. Бұдан басқа да бірнеше жерде адам есімдері, жер-су аттары мен ру атауларын қате жазып, қате түсініктер жазған жерлері кездеседі. Дегенмен бұл кітапты Мир Әбдул Каримнің еңбегіне арналған Ирандағы тұңғыш, бәлкім қазірше жалғыз жұмыс ретінде атап көрсетуге болады.

Қазақстандық зерттеушілердің ішінен бұл дереккөздің маңыздылығы туралы Ж.М. Тулибаева арнайы тоқтап өз монографиясында пайдаланған. Әсіресе аталмыш ғасырдағы Хорезм оазисінде өмір сүрген түрлі этникалық топтардың тарихын зерттеуде алатын орны туралы былай деп жазады: «В сочинении содержатся интересные фактические данные о племенах, этнических группах, живших на территории Хорезмского оазиса. В XVIII веке этнический состав ханства был довольно пестрым (узбеки, туркмены, казахи, каракалпаки и другие народности). После подчинения Хиве племена казахов экономически и политически полностью были вовлечены в феодальную систему ханства (Тулибаева, 2011: 56-57).

Қазақстан тарихы, бес томдық жинақтың 3-томындағы XVIII ғасырдың аяғы мен - XIX ғасырдың алғашқы үштен біріндегі Оңтүстік Қазақстан атты жетінші тараудың 2. Қоқан және Хиуа хандықтарының соғыс экспансиясы. Оңтүстік қазақтарының жаулап алушыларға қарсы азаттық күресі (XIX ғасырдың 10–20-жылдары) атты тараушада Әбдул Карим Бұхаридің шығармасына сүйене отырып былай деп жазады: «1818 жылы Әбдікерім Бұхари қазақтардың көше жүріп үлкен қашықтықтарға баратынын атап өтті, мәселен, олар көктемде орыс шекараларына жақындайды, ал қыста Хиуа, Бұхара және Түркістан шектерінде пайда болады: шекті және төртқара бірлестіктері (кіші жүз), сондай-ақ оқ, қырықмылтық, бозашы шоудар, (түркмендер текті топтар) мен каракалпақтар Үргеніш төңірегінде тоқтайды, ал шөмекей, қойыт, жаппас, жағалбайлы (кіші жүз) қыпшақтар (орта жүз) мен каракалпақтар Ташкент, Бұхара және Самарқан төңірегінде қыстайды; ақырында, қоңырат үйсін (хушин), тамалар Ташкент, Қоқан шектеріне Әндіжан мен Наманганға дейін жетеді. XIX ғасырдың ең басында шекті және төртқара руларын – Шерғазы сұлтан, шөмекей, жаппас рулары, мен каракалпақтарды – Бөлекей сұлтан (1808/9 жылы өлген), Орта жүздің қоңырат, сондай-ақ тама және үйсін руларын – Құдайменді сұлтан, ал қызғыздарды және Іле бойы мен Қытайдағы Ақсу аудандарында көшіп жүргендерді Қобыз сұлтан басқарған» деп жазып сілтемесіне: «Mir Abdoul Kerim Boukhary. Op.cit., pp.194-196 (Бұлардың бәрі Жошы әулетінен); Материалы по истории казахских ханов XV-XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. А., 1969, 475-б» деп жазған (Қазақстан тарихы, 2010: 294). Алайда баршаға белгілі зерттеушілер арасына МИКХ деген атпен кең танылған еңбекке Мир Әбдул Каримнің шығармасы еңбеген және 475-бетте бұл шығарманы кездестіру мүмкін емес. Сілтеменің дұрыс қрсетілмеуі және Әбдул Каримнің еңбегінің дұрыс сілтемесі қандай әдебиет екендігі қазірге анықталмады және белгісіз күйде қалып отыр.

Нәтижелер. Мир Әбдул Каримнің шығармасы ортаазиялық парсы тілінде жазылған. Автордың бұхаралық екендігі және түрік халықтарының арасында өмір сүргендіктен түрік тілін білгендігі қолданған сөздерінен байқалады. Шығарманың көлемі 60 парақ, жазуы әдемі ортаазиялық насталик. Көптеген парсы тіліндегі тарихи еңбектердің авторлары секілді Мир Әбдул Карим де шығармасының ішінде өлең жолдарын қолданып отырған. Өлең шумақтардың біразы өз өлеңдері болса, біразы өзге авторлардікі. Қандай автордыкі екендігін анық жазбаған, бірақ үнділік бір ақын осылай деген екен немесе исфахандық ақын былай деп жырлайды деп жазып отырған. Шығармада кездесетін өлең жолдарының жалпы көлемі 188 жол. Шығарма 17 шағын бөлімнен тұрады. Әр бөлімнің жеке атауы бар және бірқатар билеушілер туралы баяндағанда оның соқтырған теңгесі мен мөрі және мөрдің ішіндегі жазуын қоса жазып отырған. Мысалы Мұхаммад Әмин Қоңырат Инаққа арналған бөлімнің басында оның мөрі деп ішіндегі жазуын жазып қойған: (بمحمد الله محمد را امينست) Биһәмдулләһ Мұхаммад ра Әминәст, яғни Сенімді Мұхаммедке Алладан мадақ болсын (Карим, 1876: 79). Мөр иесінің аты Әмин болғандықтан оны пайғамбардың (с.а.с.) әмин, яғни сенімді деген лақаб атымен



байланыстырғаны байқалады. Шығармада кездесетін әміршілер мен сұлтандардың теңгелері мен мөрлеріне жазылған жазулардың бәрі парсы тілінде жазылғандығы да назар аудартатын жай.

Бұл шығармадағы қазақтарға қатысты мәліметтер бес бөлімде кездеседі. Олар: Өзбек хандарының әулеті, Сайид Әмір Хайдар ибн Әмір Шах Мұрат би, Үргеніш пен Хиуа билеушілерінің әулеті, Қоңырат Инақ Мұхаммад Әмин би және Өзбек болып келетін алдында Ферғана деп аталған Қоқан билеушілерінің әулетіне арналған бөлімдер. Мир Әбдул Каримнің «Өзбек хандарының әулеті туралы баян» атты бөлімінде Нәдір шах Үндістаннан қайтып оралғанда Бұхараның ханы Шыңғыс хан әулетінен шыққан Әбіл Фейз ибн Субханқули-хан (1687-1747) болатын. Хорезмде Елбарыс хан қазақ – ол да Шыңғыс хан әулетінен шыққан билеуші еді, деп жазады. Нәдір шах Үндістан жорығынан қайтқанда Бұхара әмірі Әбіл Фейз-хан қызылбастар әскеріне қарсы шығуға шамасы жетпейтінін білген соң бірнеше сыйлы адамдар мен жуйбар қожасын лайықты сыйлықтармен Нәдір шахты қарсы алуға жіберіп өзінің қарсыласуға шамасы жетпейтінін және бұрыннан келе жатқан сұлтандардан қалған ханмын, бір бұрышта отырып дұға етемін және шах қай кезде келсе қонағым етуге дайынмын деп сәлемдемесін жеткізеді. Нәдір шахқа Әбіл Фейздың бұл сөздері қатты ұнайды және келген адамдарын құрметпен қарсы алып, сый-сияпатын жасап кетуге рұхсат береді де былай деп хат жолдайды: «Сенің бұл ісіңе қатты қуандым және алғыстымын! Сіз жіберген сыйлықтар көңілден шықты және сіздің ілтипатыңыз арқылы сый мен таныстық [жақындық] белгілі болды. Хатқа жазғаныңыздың бәрі де шындық. Бірақ Елбарысты жазалау біз үшін уәжіп істердің бірі. Өзіме осындай нашар істі адамды жазалауды қажет деп білдім. Иншалла тағала дәрул-сәлтәнәт Гератқа кірген соң, Бәлхке және ол жерден сіздей жоғары мәртебеліні көруге, кездесу мен қонақ болу рәсіміне сай келетін боламын. Қонақжай болыңыз және сіздің мал-мүлкіңізге көз салады деген ішіңізде ой болмасын. Және уақыты сай келген соң Үндістан сыйлықтары мен тартуларын естелік ретінде көңілі дос, ойлары айқын жанға жібердік» (Карим, 1876: 44-45). Сыйлықтар мен тартулар Бұхараға жеткенде Әбіл Фейз қуанды және мән-жайды айтып Хорезмге Елбарыс ханға адам жібереді де мүмкін ол да ақылға тоқтайды және кешірім сұрайды деп күтеді. Бірақ Елбарыстың етегіне бақытсыздық жабысқан соң ақылға көнбеді, тіпті Әбіл Фейзге қатыгездікке толы жауап берді. Бұдан кейін Әбіл Фейз құрметті қонағы Нәдір шахты қонақ етуге жан-жақты кіріседі. Әбіл Фейз хан сейіттер мен ғұламалармен барлық сый-құрметін көрсетіп Нәдір шахты қарсы алады. Лайықты сыйлықтар тарту етіп бір-біріне керек сый-сияпаттың бәрін жасайды. Әбіл Фейздың екі сұлу қызы бар еді. Оның бірімен Нәдір шахтың өзі, ал екіншісімен ағасының ұлы некелеседі. Әбіл Фейз-ханның өтінішімен Хиуа ханы Елбарыс ханға екі жуйбар шейхы мен елшісін салық төлеуге көндіруге бәлкім ақылға келер деп жібереді. Елші мен қожалар Ханықан және Хазарасп бекінісіне жеткенде Елбарыс йомут (жәуміт), түркмен, қазақ және өзбектерден тұратын жиырма мың аттылы әскерімен шатыр тіккен болатын. Осыншама әскерімен тәкәббар әрі паң жолдың ортасында бөгет болып отырған еді. Ол Нәдір шахтың жазған хатының мазмұнын оқиды. Хаттың қысқаша мазмұны мынадай: «Айбыны жолдас болған Елбарыс хан! Хиуаның билеушісі Үндістанның көптеген жерінен бастап сонау Самарқанд, Фарғанаға дейінгі жерді жаулап алған адам екенімді, ешкім де әскеріме төтеп бере алмайтынын білсін! Қысқасы, Әбіл Фейз секілді жіберген елшімен бірге алдыма кел. Қонақты жақсы қарсы ал, мүмкін саған мейірімім түсіп жаныңды аман алып қалармын. Болмаса күл-талқаныңды шығарып, жамандыққа толы басынды дарға астырамын». Хатты оқып болғанда, Елбарыс хан қатты ашуланады. Ешкіммен ақылдаспай келген үш адамды да өлтіруге бұйрық береді. Елшіні өлтіруге болайтынын білсе де осы іске барады. Нәтижеде Нәдір шах артына түсіп жүріп Елбарыс ханды қолға түсіреді. Елбарыс ханның бейшара хәлін көріп босатқысы келеді, бірақ шейхтардың талап етуімен Елбарыс ханды жиырма бір адаммен бірге өлім жазасына кеседі (Карим, 1876:49). Нәдір шах Хиуа ханы етіп Тахир ханды сайлайды да өзі ары қарай аттанып кетеді. Және шахзада Насруллах Мырзаға қызмет етуі үшін алты мың Хорезм жамағатынан адам алады. Содан Хиуадан шығып Шаржауға қайтып кетеді. Бұл оқиға туралы Ә.Мұхтар былай деп жазады: «Елбарыс және Хиуаның беделді адамдары Әбілқайырдың Ресей бағытындағы саясатына сенімсіздікпен қарады. Мұның өзі қазақ ханымен арадағы қатынасты белгілі дәрежеде шиеленістірді. Бірде Хиуа сарайындағылар қазақ ханы атынан келген Нұралы сұлтанға «Әбілқайыр хан билігі тек қазақтарға ғана жүреді, ал Хиуада оны ешкім тыңдамайды, ол нәтижесіз істі (Ресеймен



қарым-қатынасы туралы) бастап отыр» деп мәлімдеген. Өзбек билеушілеріне сенген Елбарыс хан Нәдір шахқа қарсы күресте жалғыз қалды (Мұқтар: 2012: 69). Мир Әбдул Карим бұл оқиғаның жалғасын былай деп баяндайды. Елбарыс ханның немересі Қазақ төрені атасын Нәдір шах өлтіргендіктен Шахмурат би шақырып алып, Нәдір шахтан атаңның қанының құнын талап етуің керек. Екі немересі қазір Шаржауда дейді. Қазақ та тура осындай мүмкіндіктің соңында еді. Шаржауға барып Нәдір шахтың екі немересімен бірге қызметшісін өлтіріп, денелерін орға лақтырып кетеді (Карим, 1876: 65). Үргеніш пен Хиуа билеушілер әулеті туралы баян деген бөлімде Мир Әбдул Карим төмендегідей мәліметтерді келтіреді: «1169 жылы Мұхаммад Әмин Би Инақ билікке келді. Ол он сегіз жыл бойы билік құрды. Оның кезінде Үргеніш гүлденген берекелі жерге айналды. Теңге болмады, құтба қазақ хандарының атына оқылатын. Иран мен Бұхараның ақшасы онда қолданыста болды» (Карим, 1876: 78). Бұдан кейін Хорезм туралы баяндайды да бұл бөлім бітіп келесі бөлім басталады.

Келесі бөлім Мұхаммад Әмин Би Қоңырат Инаққа арналған. Бұл бөлімде де қазақтарға қатысты бірқатар деректер бар. Үргеніште Шыңғыс хан әулетінен хан сайлау дәстүрі бойынша тура Қырым сұлтандары секілді ылғи қазақтардан бір адамды алып келетін де Хиуаның ханы етіп сайлайтын. Олар ылғи бекіністе өмір сүретін. Бала-шағасы бар. Оларға құрмет көрсететін, қымбат алтынмен апталған киімдер киетін. Күнде ел ағалары келіп сәлем беретін, әңгімелесетін. Инақ оған айту керек әңгімесін айтатын. Инақтың сөзінен шықпайтын. Жұма күні инақ бастаған топ құрмет көрсетуге баратын. Біраз жыл өткен соң ханды қазақтар жаққа шығарып салып, орнына басқа бір ханды әкелетін. Қысқасы «хан ойынын» жасайтын (Карим, 79). Расында тарихта Шыңғыс хан әулетінен хан сайлау дәстүрі ұзақ уақыт жалғасқаны белгілі. Бірақ бірте-бірте бұл дәстүр күшін жояды. Оның бір анық көрінісін Мир Әбдул Каримнің еңбегінен көреміз. Мир Әбдул Карим ары қарай «хан ойыны» дәстүрі Елтұзар билікке келгенше жалғасты деп жазады. Елтұзар билікке келген соң қазақтардан хан алып келуді тоқтатты. Одан кейін билікке келген Мұхаммед Рахим ханның билігін баяндағанда кіші жүз қазақтарына қатысты бірқатар мәліметтерді кездестіруге болады. Мұхаммед Рахим хан йомут түркмендерін жеңген соң Дешті Қыпшаққа қарай шабуылға шыққан кезінен ары қарай қазақтар туралы Мир Әбдул Карим былай деп жазады: «Қазақ жамағаты олардың аты чекли/шекті [چکلی/چکلی]³, төртқара және шөмекей болып келеді. Аталмыш тайпалар Үргеніш мемлекеті мен Ресей мемлекетінің арасында өмір сүреді. Көктемде Ресейге жақынырақ барады және Ресей шектерінде алып-сатумен және базармен айналысады. Олардың мүлкі қой, түйе, сиыр және жүн, май, сиыр терісі, қой мен түлкі [терісі] және т.б. Әлбетте жылына Мәскеу мемлекетіне аталмыш жамағаттан төрт миллион қой, сиыр және т.б. барады. Дешті Қыпшақтың ұзындығы Хазар (Каспий) теңізінен Қытай патшалығындағы Қашғар мен Ілеге дейін бес айлық жол. Ені – бір жағы Үргеніш, Бұхара, Хиуа, Хожент, Ташкент, Қоқанд, Әндіжан, Наманган. Бір жағы Мәскеу мемлекетінің шекаралары Астрахан шектері, Тобық/Тубак/Бұтак/Батық [تبیق/بتیق], Орынбор, Йаман (Иман?) бекінісі, Троицк, Қызылжар, Шами/Шәми/Шеми [شمی] және Сими Пулад [سیمه پولاد], Кахттан (Гахут/Кухат/Гәхет) [کاخت]⁴ Қытай мемлекетіндегі Ақсу шектеріне дейін. Бұл Дештіде [Дешті Қыпшақта] топ-топ болып қазақ тайпалары орналасқан. Ені алпыс бекет. Қыс мезгілі түскенде көшеді де Бұхара, Хиуа, Түркістан маңына қыстайды. Үргенішке жақын жердегі тайпа шекті, төртқара, адай, қырықмылтық, бозашы чоудар, қарақалпақ және т.б. Ташкент, Бұхара және Самарқанд маңындағы тайпалар шөмекей, қойыт [قیوط], жаппас, қыпшақ, жағалбай және кейбір қарақалпақтар және т.б. тайпалар Ташкент, Қоқан, Әндіжан, Наманган маңынан Қашғарға дейін. Қоңырат тайпасы мен һушан (үйсін), орта жүз, қырғыз, тама және басқа тайпалар да оларды баяндау ұзаққа созылады. Барлық үйлердің аңшылық үйлері бар (киіз үйлері). Олардың көбісі бидай ұнын жемейді, себебі қолжетімсіз. Олардың азығы жылқының еті мен жылқының сүті, оны қымыз деп атайды және қойдың

³Иранда баспадан жарық көрген басылымда баспаға әзірлеуші Сейид Әли Мужани шекті/шекли сөзін чегел тайпасымен байланыстырған және чегел тайпасы Шығыс Түркістанда өмір сүретін тайпаның бірі деп осы чегелдер туралы қысқаша мәлімет келтіреді. Бірақ қолжазбаны мұқият оқығанда «г» әрпінің жоқ екеніне көз жеткіземіз. Мағынасы жағынан кіші жүз алты ата әлімұлына жататын шекті, төртқара және шөмекей рулары туралы жазылғанын аңғаруға болады.

⁴Кахт деген сөзге ирандық зерттеуші Сейид Әли Мужани Кахет/Кахетия – Гүржістандағы қала атауы деп жазған. Бірақ Кахттың Кахетия болуы күмәнді. Кахт немесе Кахат, мүмкін Гахит – шамамен Семей мен Ақсу аралығындағы жер атауы екендігін Мир Әбдул Карим анық жазып көрсеткен.



айраны мен түйенің сүті. Бес мың жылқы, бес мың қой, бес жүз түйе, мың сиыры бар адам [да] бар. Олардың көбісі кедей, жоқ болудың алдындағы адамдар. Қоғамның бақуат адамдары кедейлерді тәрбиелейді. Олардың киімі жылқы мен қойдың терісінен. Әр тайпаның (қауым) ішінде өз төресі бар, яғни сұлтан деп атайды. Шерғазы сұлтан шекті және төртқара арасында өмір сүреді. Бөлекей сұлтан шөмекей, жаппас және басқалардың арасында, Худайбанде сұлтан орта жүз тайпалары және қоңырат, тама және һушан (үйсін) арасында. Қобыз сұлтан Қытай мемлекетіндегі қырғыз және Іле, Ақсу аймағындағы тайпалардың ішінде өмір сүрген. Барлық сұлтандар Шыңғыс хан мен Жошы ханның ұрпақтары, сұлтан аттары бар, бірақ қазақ тайпасының жалпы [барлығы] мойындайтын және бағынатын [адамы] жоқ. Қазақ жамағатының арасында рәсім бар, қай кезде бір қазақты біреу өлтірсе оның құны (хунбаха) мың қой. Егер ханды біреу өлтірсе оның құны жоқ. Ханның құнын төлеу дұрыс шықпайды деп айтады, оны ешкім бере алмайды [шамасы жетпейді]. Осы себепті құны жоқ (төлемі жоқ). Аталмыш тайпалар ылғи бір-бірін шабумен болады» (Карим, 1876: 87-88).

Мир Әбдул Карим өзі жастайынан ұзақ сапарларға жиі аттанғандықтан түрлі керуен жолдарын жақсы білген. Сондықтан болар осы бөлімде бірқатар керуен жолдарын (маршруттарды) атап көрсетеді: «Бұхарадан Мәскеу патшалығына барудың төрт жолы бар. Біріншісі – Бұхарадан Түркістанға бару, Дешті Қыпшақ жағында орналасқан, Қожа Ахмет Ясауи жерленген, онда бір қамал бар Сейхунның жағасында. Ол жерден қоңырат пен үйсін тайпалары, орта жүз және Қызылжардың іші [арқылы жүргенде] Мәскеу шекарасына барады. Екінші жолы – Бұхарадан Сейхун өзені бойымен жаппас тайпасының арасымен [жүріп отырып] Троицкі, [одан ары] Мәскеу шекарасы. Үшінші жолы – Бұхарадан шығып Сейхун өзені арқылы шөмекей, шекті және төртқара тайпаларының арасымен Орынбор, [одан ары] Мәскеу шекарасы. Төртінші жол – Бұхарадан Үргенішке және Маңғышлаққа адай қазақ тайпасының арасымен жүріп [отырып] Хазар теңізі арқылы Астраханға барады немесе Үргеніштен қазақтың төртқарасының арасымен Орынборға барады. Қаракесек (каракеш - كراكش) қазақтың тура осы тайпасынан болады. Одан кейінгі жол Орынбордан Бұхараға дейін елу бекеттік керуен жолы. Үргеніш егер қыс мезгілінде есептейтін болсақ, өте суық және ақша қары бар, отын өте аз. Жаз мезгілінде соқпақ жолы белгісіз, суы өте аз. Тура осы қазақ тайпасы су құдықтарын біледі. Сол себепті Ресейдің қалауы алыс жерде орналасқан су қорларын қажет ететін жерге бару емес. Оңайшылықпен қолға түспейді. Хазреті әлемді жаратушы йажуж сипатты Ресей мен ислам халқының арасына «Ескендірдің қақпасын» орнатқан. Болмаса кәпірдің әскерінің алдын алуға ешбір төтеп бере алмайды, вә әс-сәләм. Енді қайтадан тегі қазақ Мұхаммад Рахим хан туралы әңгімемізге қайта ораламыз», деп барып Мир Абдул Карим Бұхари Мұхаммад Рахим хан қазақ йомут тайпасы және өзбек баһадүрлеріне жылдар бойы мұсылмандардың керуен жолын торитын жамағатқа барып оларды жазалауға бұйрық бергенін жазады: «Аталмыш әскер ғапылдықтан шөмекей мен шекті тайпаларын шапты, олардың мал-мүлкін тонап, қыздарын тұтқынға алды да Үргенішке қайтып оралды. Келесі жылы да төртқара тайпасын тонады. Содан кейін әскер қыс мезгілінде қоңыраттарға тиесілі Аралдың аралына (جزیره) кетті, олар алпыс жылдан бері өзімен-өзі болған, кей кездері Үргеніш керуендерін тонайтын. Жан-жағының бәрі су, мұз қатпайтын, өту мүмкін емес. Сол кездері дарияға мұз қатты, әскер шабуылдады. Екі жақтан да көп адамдар өлім құшты. Аралдықтардың жағдайы қиындай түсті. Хиуалық бір адам Елтүзер ханнан қорыққаннан одан қашып Сопы Мұрат төрені паналап барады. Бірнеше жыл оның қызметінде қалады. Аралдықтар мен хиуалық әскердің соғысып жатқан кезінде ұлымен ақылдасып Сопы Мұраттың басын кесіп Мұхаммад Рахим ханға сыйға тартайық деп келіседі. Тура осылай жасайды, хиуалық әскер жеңіп қарсыластары жеңіліп мойынсұнуға мәжбүр болады. Барлық қазақ жамағаты бас иеді (Карим, 1876: 88-91).

Қазақтарға қатысты мәліметтер «Өзбек болып келетін, алдында Ферғана деп аталған Қоқан билеушілерінің әулеті» деп аталатын бөлімде аз болса да, кездеседі. Қазақтар сол кезде тек Хиуа хандығына қарасты немесе көршілес жерлерде ғана өмір сүрмеген, бәлкім Қоқан хандығында және Қоқан хандығымен көршілес жерлерде де көптеп өмір сүрген. Сондықтан Қоқан хандығы туралы сөз болғанда қазақтарға қатысты мәліметтердің кездесуі күтілетін жай. Сондай бір жайды осы шығармадан кездестіруге болады. Мир Әбдул Карим Қоқан ханы Нарбота ханның (1749-1798) билікке келген соң (1764-1798) үлкен аймаққа билік жүргізді. Әкесі өлген соң Әлім хан (1774-1809) Ташкенттің билеушісі, тегі хазреті Әбу



Бәкірден тарайтын Жүніс қожаны жаулап қазақ тайпасын мойынсұндырды деп жазады. Ал Әлім-ханның биліктен кетуіне (1798-1809) себеп болған оқиға да қазақтарға қатысты болып келеді: «Қаңтар айында Қоқаннан үлкен әскермен Ташкентке барды. Өзінің бауыры Омар Бекті әскербасы етіп сайлайды. Нағашысымен (тағасы) бірге оны Дешті Қыпшаққа қазақтарды шабуға жібереді. Сондай суық ауа-райында Омар Бек қазақ жамағатын шапты. Біразы аман қалдыруын сұрайды, Омар Бек қайырымдылық танытады. Себебі олардың күнәсі жоқ еді. Ташкентке қайтып келеді. Әлім-хан сонда болатын. Омар Бек ханның алдына келгенде жағдайды сұрады. Біразын шаптым, біразын аман қалдырдым, салық пен алым алдым дейді. Әлім-хан қатты ашуланады, Омар Бекке көптеген лағынет пен ұрыс сөздер айтады. Оған: «Артқа қайт! Барлық қазақ тайпаларын өлтір және талан-таражға сал, болмаса алдыма қайтып келме, сенің түрінді көргім келмейді. Анау қарғыс атқыр ақымақ нағашыңның белгісіз сөздеріне амал қылма» дейді. Омар бек сыртқа шығады, Ташкент сыртындағы әскер он мың болатын. Әлім-ханның ашуы мен ұрысын нағашысы мен қолбасшыларына айтады. Барлығы былай дейді: «Біріншіден, аттарымыз жүруге жарамайды. Екіншіден, ауа-райы суық, қазақ жамағатының бәрі мұсылман және күнәсіз. Және он күн ішінде олар тау мен тастың, шатқалдардың ішіне сіңіп, бытырап кетті. Қай кезде барсақ та ізін таба алмаймыз, бәріміз құрғимыз». Одан кейін Омар Бек: «Онда не ақыл қосасыздар» дейді. Нағашысы: ақылымыз сол, Омар Бек хан болуы керек. Ол залымға мойынсұнбаймыз», дейді. Солай дейді де мемлекет пен ұлыс иесі әрі жолы үлкен адам ретінде ілезде Омар-ханның қолын көтеріп, оған құрмет (ханға көрсететін құрметті) көрсетеді. Одан кейін бүкіл әскер қол беріп құрмет көрсетеді». Міне, осыдан кейін оқиға дами отырып Омар-хан билікке келеді. Міне осындай қызықты мәліметтерді қамтыған Мир Әбду Карим өзінің әрі тарихи, әрі естелік шығармасын Қоқан хандарының қысқаша тарихымен аяқтайды.

Көріп тұрғанымыздай, Мир Әбдул Каримнің шығармасындағы мәліметтерді бірнеше бөлімге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – жер-су аттары мен осы шығарма жазылған 1818-жыл шамасындағы Қазақ хандығының шекараларын анықтауға көмектесетін деректер. Мысалы үшін, Тобық/Тубак/Бұтақ/Батық [توبیق/توباق], Йаман мүмкін Иман бекінісі, Қызылжар, Шами/Шәми/Шеми [شمی] және Сими Пулад [سیمى پولاد], Кахут (Гахут/Кухат/Гәхет/ Кахт) [کاخت]. Бірнеше сөзді қалай бар, сол күйінде қалдырдық. Мағынасына қарағанда бұл сөздер екі үлкен қаланың арасындағы шағын бекет немесе елді-мекен екенін аңғаруға болады. Парсы тілінде араб тіліндегідей қысқа дауысты дыбыстар жазылмайтындықтан бірнеше вариантын жазып көрсетуге тырыстық, бірақ бұл соңғы шешім дегенді білдірмейді. Бұл туралы екі түрлі нәрсені айтуымыз керек: 1- Автор қазақ тіліндегі кейбір жер-су аттарын дұрыс таңбаламауы мүмкін. Өйткені ол үшін кейбір сөздер таңсық немесе айтылуы қиын болуы мүмкін. 1818-жылы осы шығарманы жазған автор былай тұрсын, осы шығарманың мәтінін жарыққа шығарған Сейид Әли Мужанидің өзі парсы тілінде жазылған мәліметті дұрыс түсіне алмағанына куә болдық. Сондықтан автор тарапынан кеткен қате болуы ықтимал. 2- Шәми немесе Шеми атауы Семи Пулад сөзінің алдында жазылған. Бұл сөз қайталау ма әлде жеке атау ма деген сұрақ туындайтыны анық. Екеуі де болуы мүмкін. Себебі Сими Пулад атауын орыс сөзімен байланыстырушылар көп. Ал Сими Пулад сөзі парсы тіліндегі деректерде жиі кездесетіндіктен және парсы тілінде мағынасы бар екенін ескере отырып осы сөзге назар көбірек аударсақ. Бұл жердегі «сим» сөзінің бірнеше мағынасы бар екенін көреміз: 1/ сым, электр сымы, 2/ жіңішке темір сымдар, 3/ күміс, 4/ ақ, 5/ ірің, жара. (Әмид, 1999: 1266). Ал пулад сөзінің мағынасына келсек, оның да бірнеше мағынасы бар: 1/ темір, қатты темір, болат, 2/ семсер, 3/ күрзі (негізінен темірден жасалған бұйым), 4/ жер-су атауы, 5/ жалқы есім. Жалпы «пулат» сөзі араб тілінің әсерінен фулад болып өзгерген. Себебі араб тілінде «п» әрпі жоқ. Сондықтан «пулад» сөзі мен «фулад» сөзі бір. Жер-су атауына қатысты айтар болсақ, жер-су аттарына қатысты атауларда орыс тіліндегі мағынасына қарай түсіндіруіміз біржақтама пікір екенін және қазақ даласындағы көптеген жер-су атауларына парсы тілінің әсері болғандығын ескере жүрсек деген ойды ұсынуға болады деп ойлаймыз. Оймызды қорыта келе Семи/Сими Пулад сөзінің мағынасын парсы тіліндегі мағынасына қарап Ақ болат, Күміс болат, Сым болат, Ақ семсер, Күміс семсер, Ақ семсер деген бірнеше мағынаны білдіреді және кез-келгені болуы ықтимал. Себебі жер-су атауларында ақ, қара, алтын, күміс деген анықтауыштардың кездесуі жиі кездесетін құбылыс. Ал Сими Пулат сөзіне дейін тұрған шәми, шими сөзіне келсек бұл сөздің де түбі осы сым, яғни күміс не ақ деген мағынаға келіп тіреледі. Сонымен қатар, осы



Дешті Қыпшақтың шектері туралы айтқанда ерекше назар аудартатын жер-су атауы – Қызылжар. Қызылжар деген атау тек қана жай қала емес, бәлкім қазақтардың шекара аймағындағы қала екендігіне куә боламыз. Бұл күндері де Қызылжар атауы даулы екенін ескергенде бұл атаудың 1818 жыл шамасында парсы тілінде жазылған шығармада кездесуі бұл атаудың тарихи атау екендігін қуаттай түседі. Бұл айтылған сөздер Орынбор атауына да қатысты. Шығармада бірнеше рет Орынбор қаласының аты аталады.

Екіншісі, Бұхарадан Мәскеуге баратын маршруттар туралы қызықты мәліметтер қамтылған. Мир Әбдул Карим Бұхарадан Мәскеу патшалығына барудың төрт-бес жолы бар деп атап көрсеткен. Біріншісі: Бұхарадан – Түркістанға бару, жолда Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етіп ары қарай Дешті Қыпшақ жерімен қоңырат пен үйсін тайпалары, орта жүз арасымен жүріп отырып Қызылжардың іші арқылы Мәскеу шекерасына бару.

Екінші жолы: Бұхарадан Сейхун өзені бойымен жаппас тайпасының арасымен [жүріп отырып] Троицк, [одан ары] Мәскеу шекарасы.

Үшінші жолы: Бұхарадан шығып Сейхун өзені арқылы шөмекей, шекті және төртқара тайпаларының арасымен Орынбор, [одан ары] Мәскеу шекарасы.

Төртінші жол: Бұхарадан - Үргенішке және Маңғышлаққа, адай қазақ тайпасының арасымен жүріп [отырып] Хазар теңізі арқылы Астраханға [Хаджи Тархан] барады.

Бесінші жол: Немесе Үргеніштен қазақтың төртқарасының арасымен Орынборға барады. Бұл маршруттар негізінен қазақ даласы, қазақтың түрлі рулары орналасқан жерлер арқылы өтетіндіктен ерекше назар аудартады.

Үшіншісі, қазақ рулары мен аталары туралы деректер мен олардың тұрмыс-тіршілігі және географиялық орналасуы ерекше назар аудартады. Мир Әбдул Каримнің мәліметіне сүйенсек қазақтар арасында бір адам бар, оның бес мың жылқысы, бес мың қойы, бес жүз түйесі мен мың сиыры бар. Ал, бірақ кейбір адамдардың тұрмысы нашар, ештеңесі жоқ. Олардың көбісі бидай ұнын жемейді, себебі қолжетімсіз. Олардың азығы жылқының еті мен жылқының сүті, оны қымыз деп атайды және қойдың айраны мен түйенің сүті. Олардың киімі жылқы мен қойдың терісінен. Жалпы қазақтар қойдың терісінен киім киеді бірақ жылқының терісінен киім киеді дегенде мүмкін сиырдың терісімен шатастырып алған болар деген ой келеді. Сонымен қатар «Қоғамның бакуат адамдары кедейлерді тәрбиелейді» деген сөз келтірген. Бұл сөз бір жағы пайғамбардың хадисіне жақын келсе, екінші жағынан шынында да бір бай адамның жанына бір топ жамағаттың жиналуы шындыққа жанасады.

Төртіншісі, Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын ұрпақтардан хан сайлау және ол хандарды «қазақ» ханы деп атап көрсету туралы деректер де қызықты. Ханды міндетті түрде хан ұрпақтарынан, яғни Шыңғыс хан әулетінен сайлау, бірақ негізгі шаруаны өзгелердің атқаруы туралы Мир Әбдул Карим «хан ойыны» деп атап көрсетеді. Ол туралы П.П. Иванов «Средняя Азия и Казахстан во второй половине XVIII в.» атты мақаласында былай деп жазады: «В Хиве после ухода иранских войск возобновилась прежняя борьба между главарями узбекских племен и ханской властью, что привело, в конце концов, к полной анархии и раздроблению страны на ряд враждебных друг другу владений. Частая смена ханов, получившая впоследствии у одного из среднеазиатских историков название «игры в ханы», закончилась в шестидесятых годах XVIII в. переходом политической власти к предводителям некоторых туркменских племен, использовавшим свое господство над оседлыми районами ханства для поголовного грабежа мирного населения» (Иванов, 2011: 141). Ал Н.Н. Гулбоев болса осы туралы былай деп жазады: «В 1804 г. в Хиве начинает править Эльтузар-хан (1804-1806) и сам лично взял ханский титул на себя лиш и в «подставного хана» от него. Начиная с этого периода до 1920 года в Хиве правили представители династии Кунгратов. Мулла Алим Махдум хадж и в своем сочинении пишет о том, что Эльтузар-хан убрал с престола тогдашнего «хана» Абуль-газия V, дал ему в руки деньги и отпустил его в Казахстан, таким образом он сам лично взял в себе ханский титул» (Гулбоев, 2015: 73).

Мирза Мұхаммад Казим Мәрвидің Нәдір шахтың тарихына арналған «Алам ара-йи Нәдири» еңбегінде Елбарыс ханның Нәдір шахтан жеңілуіне бірнеше бөлім арнаған. Кейбір бөлімдерінде тіпті өлең де бар. Мысалы 154-бөлімде Нәдір шахтың Елбарыс ханға қарсы соғысындағы Иран шахының әскерін мадақтап былай деп жырлайды: Ешкім түсінде де көрмеген, Афрасиябен саудасы жоқ, 114 мәрте жеңілуші хан қазақ, қалмақ пен түріктің әскерін жалаңдаған қаруымен Қытай мен Хытай, Хотаннан Иран ықылымын жаулауға әкелді.



Бірақ бір ғана Рүстемнің қолындай қолы бар адамнан бәрі де өлім құшып, шаршап және беті қайтып өздері істеген іске өздері тап болды» (Мәрви, 1977: 809). Әрине, ирандық тарихшылардың шахқа ұнау үшін ұзақ-сонар етіп жазуы сол кездің талабы екенін де естен шығаруға болмас. Қалай болғанда да Елбарыс ханның өлімі және бірте-бірте Шыңғыс хан ұрпақтарынан хан сайлау дәстүрінің жойылуы сол кездегі саяси ахуалдың басқа бағытқа қарай өзгергенін байқатады. Екінші жағынан Хиуаны жеңген соң Нәдір шах таққа отырғызып кеткен Тахир хан бар болғаны бес айдай билікте болады. Ал Нәдір шахтың өзі Хиуа жеңісінен кейін Дағыстанға, одан соң Ирак шекарасындағы қалаларға шабуыл ұйымдастырады. Бірақ барлық жеңістері уақытша және баянсыз болады. Нәдір шахтың ешбір жеңісі ұзаққа созылмады деп жазады ирандық зерттеуші Мұхаммад Әли Пәрғу (Пәрғу, 2021: 82).

Қорытынды. Байқағанымыздай Мир Әбдул Карим өзі жүріп өткен жолдарды жақсы білген және ол жолдардың қай елді-мекендер, қай рудың жерінен өтетінін мүмкін болғанша толық жазып көрсетуге тырысқан. Жоғарыда атап өткеніміздей автор Ыстамбұл сапарынан бұрын бір рет Бұхара елшісімен Мәскеу, С-Петербург пен Астараханға барып қайтқан. Сондықтан болар Бұхарадан Мәскеуге баратын бірнеше керуен жолын баяндаған. Сонымен қатар, Мир Әбдул Каримнің шығарманың басынан аяғына дейін Жошы әулетінен шыққан билеушілерді қазақ деп атап көрсеткенін байқаймыз. Оның ішінде Елбарыс хан мен Мұхаммед Рахим ханды атап көрсетуге болады. Жалпы қазақ ішінде сақталған төрелерден хан сайлау дәстүрі болғаны тарихи шындық. Бірақ оқиға баяндалған кезде бұл дәстүр «хан ойыны» деп аталып, төрелер билігінің мән-мағынасы қалмағанын көрсетеді. Бұл кездегі Қазақ хандығының тарихына үнілетін болсақ, аса ауыр, күрделі кезбен бетпе-бет келеміз. Мир Әбдул Карим оқиғаны баяндай бастаған 1747 жылдар Абылай ханның заманына тура келеді. Абылайдан кейінгі кезеңде үш жүзге бөліну кезіндегі дәуірде өмір сүрген және сол кезді сипаттаған Мир Әбдул Каримнің еңбегі сол кездегі Орталық Азия билеушілерінің бір-бірімен қарым-қатынасын зерттеу үшін маңызды дереккөз. Бұдан басқа Үргеніш, Хиуа, Қоқан, Ташкент, Наманган, Өндіжан, Бұхара және Самарқанд маңын қыстаған, яғни мекендеген көптеген қазақ рулары туралы мәліметтерді кездестіреміз. Кейбір рулардың үлкен аталарының атын атап көрсетсе, кейбір рулардың кіші аталарын атап көрсеткен. Бірде «орта жүз» деп жазады. Орта жүздің қайсысы екенін жазбағанымен орта жүзге кіретін рулар мекендеген елді-мекенді меңзеп тұрғанын түсіну қиын емес. Қалай болғанда да, әрбір рудың орналасуы, атауы қолда бар мәліметтерге негізінен сәйкеседі. Ал қазақтардың мекендеген жері туралы баяндағанда бүгінгі Қазақстан жерінен үлкен болмаса кіші емес аймақты сипаттайды, яғни «Дешті Қыпшақтың ұзындығы Хазар теңізінен Қашғар мен Іле, Қытай патшалығына дейін бес айлық жол» деген мәлімет 18-19 ғасырлардағы Қазақ хандығының шекарасын анықтай әрі қолда бар деректерді қуаттай түседі.

Мир Әбдул Карим Бұхари шығармасын жазу барысында мүмкін болғанша өзінің жеке пікірін жазбауға тырысады. Бірақ мұсылман әлемі мен орыстар туралы баяндағанда автордың ойлары назар аудартпай қоймайды. Жер-су жағдайын баяндай келе, мұсылман қазақтар отыратын жердің қысы аяз, жазы аптап, сусыз екенін айта келе: «Хазреті жаратушы йажуж сипатты Ресей мен ислам халқының арасына «Ескендірдің қақпасын» орнатқан. Болмаса кәпірдің әскерінің алдын алуға ешбір төтеп бере алмайды», деп қорытындылайды. Бұдан автордың ислам әлеміне төнген қауіп туралы және сол қауіптен табиғат ерекшеліктер арқылы сақтап тұрған алланың құдіреті деген қорытындыға келуі де назар аударарлық жай.

Қорыта келгенде Мир Әбдул Каримнің «Ауған, Кабул, Бұхара, Хиуа және Қоқан билеушілерінің тарихы» атты еңбегінде кездесетін деректерді сол кездегі билеушілердің өзара қарым-қатынасын зерттеу үшін де, өзгелерге қатысты саясатын пайымдау үшін де маңызды шығарма. Әрине, бірнеше жер-су атының дұрыс жазылмауынан, бәлкім автордың қате жазуынан қазірше анықталмады. Алайда, алдағы уақытта міндетті түрді бұл мәліметтер анықталатын болады. Шығыстанушы мамандар атап көрсеткен, ерекше құнды шығарма деп баға берген Орталық Азия билеушілері мен Ауғанстан әмірі Ахмад Дуррани туралы мәліметтерді қамтыған бұл шығарма алдағы уақытта өзге де еңбектермен салыстыра отырып зерттеледі деп күтіледі. Кеңес дәуірінде осы және тағы да басқа дереккөздер зерттелген, бірақ үзінділерін бөліп алып тек сол үзінділердің аударылғаны дұрыс әдіс болмағанын уақыт көрсетіп отыр. Француз және ағылшын зерттеушілерінің әдісіне сай кез-келген дереккөз толық аударылғаны дұрыс. Себебі бір шығарма белгілі бір кезеңді, сол кезеңде өмір сүрген



бірқатар әулеттер мен билеушілердің өмірі мен бір-бірімен қарым-қатынасын қамтиды. Үзінді етіп бір бөлігін алып, тек бір бөлігін зерттеуоқиғаны толық түсінуге, талдауға және дұрыс пайымдауға кері әсерін тигізетіні анық. Олай болса алдағы уақытта осындай дереккөздер толығымен аударылып, ғылыми түсініктерімен жарық көреді деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі

- Әмид, 1997 – Әмид Х. Фарханги Әмид. Т.2. Тегеран: Әмир Кәбир, 1999. 1266 б.; <https://vajehyab.com/?q=%D8%B3%DB%8C%D9%85>
- Бартольд, 1973 – Бартольд В.В. Сочинения. Т. VIII. Москва: Наука, 1973. С. 581.
- Гулбоев, 2015 – Гулбоев Н.Н. Казахи и Хивинское ханство (XVI- начало XX вв.). Қазақ хандығының тарихындағы Түркістанның орны. Түркістан: 2015, 73 б.
- Иванов, 2011 – Иванов П.П. Труды Архива востоковедов Института восточных рукописей РАН. Выпуск 1. Средняя Азия и Казахстан во второй половине XVIII в. Москва: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2011. С.141.
- Карим, 1876 – Карим М.Ә. Тарих-и хукмранане Афған вә Кабул вә Бұхара вә Хива вә Қуқанд. Париж: Булак, 1876. Р. 2-3; 44-89.
- Қазақстан тарихы, 2010 – Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. Алматы: Атамұра, 2010. 289 б.
- Мәрви, 1977 - Мәрви М.К. Алам Ара-йи Надири. Т.II. Тегеран: Зуввар, 1346/1977. Р.8097
- Мирзоева, 1938 – Мирзоева Г.А. Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т. II. XVI-XIX вв. Иранские, бухарские и хивинские источники. М., Л., 1938. С. 194-204.
- Мұқтар, 2012 – Мұқтар Ә.Қ. Тарих айдынындағы тұлғалар: Ғылыми мақалалар жинағы. Орал: Махамбет Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы, 2012. 69 б.; Әбілқайыр хан мен Нәдір шах: Қазақ және Иран мемлекеттерінің ХҮІІІ ғасырдың І жартысындағы қарым-қатынасы хақында. <https://e-history.kz/kz/library/show/24876/>
- Пәрғу, 2021 - Пәрғу М.Ә және басқалар. Рәвабете сияси Нәдер шах ба ханате Хивә // Фаслنامه тарих вә рәвабете хареджи. Сали бист-о дуввум, №87. 2021. Р. 82.
- Ромаскевич, 1938 – Ромаскевич А.А. Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т. II. XVI-XIX вв. Иранские, бухарские и хивинские источники. М., Л., 1938. С. 16-17.
- Стори/Брегель, 1972 – Стори Ч.А. Персидская литература. Био-библиографический обзор. Перевел с английского, переработал, дополнил Ю.Э. Брегель. Т. II. Москва: Главная редакция восточной литературы, 1972. С. 1155.
- Тулибаева, 2011 – Тулибаева Ж.М. Казахстан и Бухарское ханство в XVIII-половине XIX в. Алматы: Дайк-Пресс, 2011. С. 56-57.
- Editors of Encyclopaedia, 2022 - Editors of Encyclopaedia (2022, November 13). Mustafa IV. Encyclopedia Britannica. <https://www.britannica.com/biography/Mustafa-IV>
- Zand, 2014 – Zand M. “Abd-Al-Karim Bokari,” Encyclopædia Iranica, I/2, pp. 121-123; an updated version is available online at <http://www.iranicaonline.org/articles/abd-al-karim-bokari> (accessed on 16 January 2014).
- Karim, 2014 – Karim M.A. Ahval va khikayate jaleb tavajjoh Afghanistan va Kabul va Bokhara va Khive va Khoqand. Be-saye va ehtemame Sayyed Ali Mujani. Qum: Ketapkhaneye bozorge hazrate Ayatollah Mar’ashi Najafi, 1392/2014. P.7-8.
- Schefer, 1876 – Schefer Ch. Histoire L’ Asie Centrale par Mir Abdoul Kerim Boukhary. Publiée, traduite et annotée par Charles Schefer. T.II, Paris: Publications de l’ École des longues orientales vivants, 1876.
- Schefer, 1873-74 – Schefer Ch. T.I. Histoire L’ Asie Centrale par Mir Abdoul Kerim Boukhary. Texte Persan, Paris: Publications de l’ École des longues orientales vivants [Boulaq], 1873-74.

References

- Amid, 1997 – Amid Kh. Farhangi Amid. V.II. [Amid’s dictionary] Tehran: Amir Kabir, 1999. 1266 p.; <https://vajehyab.com/?q=%D8%B3%DB%8C%D9%85> (In Per.)
- Bartold, 1973 – Bartold V.V. Sochineniya. Vol. VIII [Works]. Moskva: Nauka, 1973. P. 581.(In Rus.)
- Gulbayev, 2015 – Gulbayev N.N. Kazakhi i Khivinskoe khanstvo (XVI- nachalo XX vv.). Qazaq khandigining tarikhindagi Turkistannig orni [The place of Turkestan in the history of Khazakh Khanate]. Turkistan: 2015, 73 p. (In Rus.)
- Editors of Encyclopaedia, 2022 - Editors of Encyclopaedia (2022, November 13). Mustafa IV. Encyclopedia Britannica. <https://www.britannica.com/biography/Mustafa-IV>
- Zand, 2014 – Zand M. “Abd-Al-Karim Bokari,” Encyclopædia Iranica, I/2, pp. 121-123; an updated version is available online at <http://www.iranicaonline.org/articles/abd-al-karim-bokari> (accessed on 16 January 2014).



Ivanov, 2011 – Ivanov Ph.Ph. Trudi vostokovedov instituta vostochnikh rukopisey RAN. Vipusk I. Srednya Asia I Kazakhstan vo vtoroi polovine XVIII v. [Central Asia and Kazakhstan in the second half of XVIII century]. Moskva: Izdatelskaya firma Vostochnaya literature RAN, 2011. P.141. (In Rus.)

Karim, 2014 – Karim M.A. Ahval va khikayate jaleb tavajjoh Afghanistan va Kabul va Bokhara va Khive va Khoqand. Be-saye va ehtemame Sayyed Ali Mujani [The history of governors of Afghanistan, Kabul, Bokhara, Khiva and Khokhand]. Qum: Ketapkhaneye bozorge hazrate Ayatollah Mar'ashi Najafi, 1392/2014. P.7-8. (In Per.)

Karim, 1876 – Karim M.A. Tarikhi khokmranane Afghan va Kabul va Bokhara va Khiva va Khoband [The history of governors of Afghanistan, Kabul, Bokhara, Khiva and Khokhand]. Paris: Bulaq, 1876. P. 2-3; 44-89. (In Per.)

Qazaqstan tarikhi, 2010 – Qazaqstan tarikhi (kone zamannan buginge deyin). Bes tomliq. Vol. III. [The History of Kazakhstan: from ancient till contemporary period. Five volums, Vol. III.] Almaty: Atamura, 2010. 289 p. (In Kaz.)

Marvi, 1977 – Marvi M.K. Alam araye Nadiri. V.II. [The Glorious history of Nader. Vol.II.]. Tehran: Zuvvar, 1346/1977. P.8097. (In Per.)

Mirzoyeva, 1938 – Mirzoyeva G.A. Materyali po istoriy turkmen i Turkmeniy XVI-XIX vv. Vol. II. Iranskiye, bukharskiye i khivinskiye istochniki [The materials of turkmens and Turkmenistan XVI-XIX cc. Iranian, bokharian and khiva's sources]. M., L., 1938. P. 194-204. (In Rus.)

Mukhtar, 2012 – Mukhtar A.Q. Tarikh aidinindagi tulgalari: ghilimi maqalalar jinagi [Figures in the history: the materials of science conference]. Ural: Mahambet Utemisov atindaghi BQMU redakchyalig baspa ortalighi, 2012. 69 p.; Abilkhayr khan men Nadir shah: Qazaq jane Iran memleketterining XVIII ghasirding 1 jartisindagi qarim-qatinasi khaqinda [Abilkhayr khan and Nadir shah: about relationship of Kazakh and Iran in the first part of XVIII century]. <https://e-history.kz/kz/library/show/24876/> (In Kaz.)

Parghu, 2021 – Parghu M.A. and others. Ravabete syasi Nader shah va Khanate Khiva [Political relation of Nader shah with Khiva Khanate] // Faslnama Tarikh va ravabete kharedji. Sali bist-o dovvom, №87. 2021. P. 82. (In Per.)

Romaskevich, 1938 – Romaskevich A.A. Materialy po istoriy turkmen i Turkmeny XVI-XIX vv. T. II. Iranskiye, bukharskiye i khivinskiye istochniki [The materials of turkmens and Turkmenistan XVI-XIX vv. Iranian, bokharian and khiva's sources]. M., L., 1938. P. 16-17. (In Rus.)

Storey/Bregel, 1972 – Storey Ch.A. Persidskaya literatura. Bio-bibliographichesky obzor. Perevel s angliskogo, pererabota, dopolnil Yu.Ye.Bregel. T. II. [Persian Literature: Bio-bibliographical survey] Moskva: Glavnaya redakchya vostochnoy literaturi, 1972. P. 1155. (In Rus.)

Schefer, 1876 – Schefer Ch. Histoire L' Asie Centrale par Mir Abdoul Kerim Boukhary. Publièe, traduite et annotée par Charles Schefer. T.II, Paris: Publications de l' École des langues orientales vivants, 1876. (In Fra.)

Schefer, 1873-74 – Schefer Ch. T.I. Histoire L' Asie Centrale par Mir Abdoul Kerim Boukhary [The history of Central Asia by Mir Abdul Karim Bokhary]. Texte Persan, Paris: Publications de l' École des langues orientales vivants [Boulaq], 1873-74. (In Per.)

Tulibayeva, 2011 – Tulibayeva Zh.M. Kazakhstan i Bokharskoe khanstvo v XVIII-polovine XIX v. [Kazakhstan and Khanate of Bokhara in the XVIII and half of XIX c.]. Almaty: Daik-Press, 2011. P. 56-57. (In Rus.)



ОТАН ТАРИХЫ. 2023 № 26 (4)

ӘДІСНАМА / METHODOLOGY / МЕТОДОЛОГИЯ

Балтабаева К.Н., Жакишева С.А.

ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ КАЗАХСТАНСКИХ БЕЖЕНЦЕВ 20–30-Х ГГ.
XX ВЕКА И ПРОБЛЕМЫ РЕАБИЛИТАЦИИ.....670

Meldibekova Z.A.

DIGITALIZATION OF MODERN NATIONAL HISTORICAL SCIENCE683

ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Ногайбаева М.С., Көшімова А.О., Қыдыр Т.

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ДІНИ-ДИДАКТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ
ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ.....692

Қамбарбекова Ф.Ә., Қари Қ.А.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ БҰХАРА ХАНЫНЫҢ ЕЛШІСІ ХАТШЫСЫНЫҢ
ЕСТЕЛГІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚТАР.....704

Oterova G.E., Karimova A.E., Kussainov D.Zh.

THE SIGNIFICANCE OF THE DOCUMENTS OF THE SIBERIAN COMMITTEE
IN THE STUDY OF THE HISTORY OF KAZAKHSTAN OF THE XIX CENTURY.....718

Нұртазина Н.Д., Азмұханова А.М., Әкімбек Ж.А.

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ МҰСЫЛМАНДЫҚ МЕКЕМЕЛЕР МЕН ДІНБАСЫЛАРҒА
ҚАТЫСТЫ ИМПЕРИЯЛЫҚ ДОКТРИНАЛАР.....730

Нұрпейісова Э.Т., Әбіл Е.А., Ураков Д.Ж. (Узбекистан)

ЕЛДЕС ОМАРОВ: ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ТҮЛҒА (ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ).....744

Харипова Р.Е.

МУЗЕЙНЫЙ ФОНД КАК ИСТОЧНИКОВАЯ ОСНОВА ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ И
КУЛЬТУРЫ (К ИСТОРИИ ФОРМИРОВАНИЯ ФОНДОВ ЦЕНТРАЛЬНОГО МУЗЕЯ
КАЗАХСТАНА).....755

Қожақұлы Ө., Асқар А.Г.

XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АУЫЛЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ-САЯСИ АХУАЛДЫ ЖІКТЕУ,
ТАЛДАУ (СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА).....767

Собисевич А.В. (Россия)

ОПЫТНАЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННАЯ СТАНЦИЯ КАРАГАНДИНСКОГО
ИСПРАВИТЕЛЬНОГО ТРУДОВОГО ЛАГЕРЯ.....779

Мамбетова Г.А., Мүмінов Ә.К. (Түркия)

ҚАЗАҚ МОЛДАЛАРЫНЫҢ XX ҒАСЫРДАҒЫ «АМАН ҚАЛУ» СТРАТЕГИЯСЫ
(ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС Өңірі).....792

Taspulatova K.K.

METHODS AND WAYS FOR CULTIVATING KAZAKHSTANI PATRIOTISM.....808

Маргулан А.С.

КОМПАРАТИВИСТСКИЙ АНАЛИЗ ЛОНДОНСКОГО И САНКТ-ПЕТЕРБУРГСКОГО
СПИСКОВ «ТАВАРИХ-И ГУЗИДА-ЙИ НУСРАТ-НАМЕ» ПО ГЕНЕАЛОГИИ
ДЖУЧИДОВ.....817

Kuanbay O.

THE IMPACT OF THE GENRO COUNCIL OF ELDERS ON SHAPING MODERN JAPAN
(1889-1912).....832

Бәкір Ә.Қ., Құдайбергенова А.И., Тайман С.Т.

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ЖОЛЫНДАҒЫ
КҮРЕСІНДЕГІ НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР.....846

АРХЕОЛОГИЯ / ЭТНОГРАФИЯ / ЭПИГРАФИКА

Рахимжанова С.Ж., Курманиязов И.С., Аккошкарлова Ж.Т.

ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ ИТОГИ ИЗУЧЕНИЯ КЕРАМИКИ СТОЯНКИ
ЖАЛҒЫЗ-АҒЫМ.....860



Нұрманова А.Ш.

ДЖУЧИДСКИЕ ПРАВИТЕЛИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА:
СРАВНИТЕЛЬНОЕ ИЗУЧЕНИЕ ЭПИГРАФИЧЕСКИХ И НАРРАТИВНЫХ
ИСТОЧНИКОВ.....870

Әжіғали С.Е., Әшім Б.Ә.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН КЕШЕНДІ ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ
2021 ЖЫЛҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ КЕЙБІР НӘТИЖЕЛЕРІ.....883